



QAZAQSTAN ULTTYQ BANKI

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 11 қараша

### 2019 жылғы 1 қараша – 8 қараша аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу

8 қарашадағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптада 0,3%-ға нығайып (389,46-дан), бір АҚШ доллары үшін 388,29 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2019 жылғы 1 қараша – 8 қараша аралығындағы кезеңде бірқатар маңызды оқиғалар орын алды. АҚШ пен ҚХР арасындағы сауда-саттық қатынастардың дамуы туралы қайшы хабарлар – ҚХР Сауда министрлігі санкцияларды кезеңмен жоюға өзара уағдаластық туралы мәлімдеді, АҚШ Президенті Д.Трамп қытайлық өнімдерге баждарды жоюға әзір еместігі жөнінде мәлімдеді. Англия Банкі экономикалық ахуалдың одан әрі нашарлауы жұмсартуды талап ететіні жөнінде белгі беріп, базалық мөлшерлемені 0,75%-дық деңгейде өзгеріссіз қалдырды. Қазан айында АҚШ-тың өнеркәсібінде іскерлік белсенділік индексінің 47,8%-дан 48,3%-ға дейін жақсаруы туралы деректер болды.

Осы факторлар АҚШ доллары бағамының дамыған елдердің валюталарымен салыстырғанда нығаюына әкелді.

Дамушы елдердің валюталарының<sup>1</sup> АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні былайша қалыптасты:

- **Оңтүстік Африка ранды** инвесторлар тарапынан оң қабылдау тапқан Moody's агенттігінің тәуелсіз облигациялардың рейтингін болжамды тұрақтыдан теріске қайта қарауына қарамастан, Ваа3 инвестициялық деңгейде растау аясында 1,3%-ға (15,04-тен 14,85-ке дейін) нығайды;

- **Индонезия рупиясы** АҚШ пен ҚХР арасындағы сауда-саттық мәміле жасау перспективасы аясында (14039-дан 14 014-ке дейін) нығайды. ІЖӨ-нің өсу қарқыны 3-тоқсанда 5,02%-ға ж/ж (өткен тоқсанда 5,05%) дейін біраз баяулады;

- **Мексика песосы** АҚШ-тың оң статистикасы шығуы аясында 0,2%-ға (19,12-ден 19,1-ге дейін) нығайды. Базалық инфляция қазанда 0,25%-ға а/а баяулады, ол ақша-кредит саясатының жұмсарту мүмкіндігін ұлғайтады;

- **Ресей рублі** АҚШ-та отын қорының өсуіне байланысты мұнай бағасының күрт төмендеуі, сондай-ақ шетелдік инвесторлардың ФҚО шығарылымдарына орташа сұранысының аясында 0,5%-ға (63,5-тен 63,8-ге дейін) әлсіреді;



- **Үнді рупиясы** Moody's агенттігінің Үндістанның тәуелсіз рейтингі бойынша болжамды (Ваа2) экономиканың өсу перспективасының нашарлауына байланысты тұрақтыдан теріске қайта қарау аясында 0,7%-ға (70,81-ден 71,29-ға дейін) әлсіреді;

---



<sup>1</sup>АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары

- **түрік лирасы** 1,1%-ға (5,71-ден 5,77-ге дейін) әлсіреді. Инфляция қазанда 8,55%-ға (қыркүйектегі 9,26%-дан) баяулауын жалғастырды.

- **Бразилия реалы** шетелдік инвесторлардың мұнай кен орындарын игеру бойынша аукционға қызығушылықтарының төмен болуы аясында 4,5%-ға (3,99-дан 4,17-ге дейін) әлсіреді, ол елге капиталдың әкеліну ықтималдығын төмендетеді.



**Дамушы елдер валюталарының серпіні (2019 жылғы 25 қазан=100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)**



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 2704 591 (3930)

+7 (727) 330 24 52 (1452)

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)